

XX ғ. Батыс Еуропа философиясы

Дайындаған: Хажиметов Ж

Тобы: 111 -15

Қабылдаған: Бегдаулетова Қ

Жоспар:

1. **Позитивизм**
2. **Структурализм**
3. Өмір философиясының келесі бір танымал өкілі — **Артур Шопенгауэр**
4. **Серен Кьеркегор**

Позитивизм

Позитивизм ілімінде шынайы позитивті білім – арнайы ғылымдар мен олардың бірігуі нәтижесінде ғана мүмкін екендігіне негізделеді.

Философия жеке ғылым ретінде өмір сүруге құқылы емес деп санайды.

Позитивизм ХІХ ғасырдың 30 жылдарында пайда болды. Позитивизмнің негізін қалаушы **Огюст Конт(1798-1857 жж.)**. Еңбектері: **«Позитивті философияның курсы», «Позитивті саясаттың жүйесі»**.

Конт позитивизмді эмпиризм және мистицизм арасындағы ілім деп есептеді. Конт бойынша, ғылым табиғаттың мәнін емес, тек құбылыстарды ғана тануы керек. Конт адамзаттың даму тарихын үш кезеңге бөледі: 1) теологиялық; 2) метафизикалық; 3) позитивті (ғылыми). Позитивизмнің алғашқы буын өкілдері: Э. Литтре, П. Лаффит, Ж. Ренан, Г. Спенсер.

Позитивизм өзі дамуында үш кезеңнен өтті:

1) бірінші позитивизм жоғарыда аталған мәселелерді алғашқы болып қойып, философияның міндеті — объективті өмір сүруші материалдық дүние туралы нақты ғылымдар жинаған білімдерді қорыту және жүйелеу деп ымдады. Бұл кезеңнің екілдері — О.Конт, Г.Спенсер, Дж. Милль.

2) махизм — дүниені түйсіктер жиынтығы ретінде бейнелеп, философия адам тәжірибесінің сезімдік негізін, психифизиологиялық формаларын сараптауы тиіс деп есептеді, яғни субъективтік идеализмге көбірек бет бұрды. Негізгі өкілі — австриялық физик Э.Мах.

3) неопозитивизм — ғылыми теориялардың ақиқаттылығын, салтырмалы құндылығын анықтау тәсілдерін зерттеумен айналыс. Өкілдері: К.Поппер, И.Лакатос, Т.Кун және т.б. Олар ғылыми білімді тексерудің негізгі принциптері ретінде верификация, фальсификация және конвенция принциптерін ұсынды.



Постмодернизм — монизм философиясын терістеп, плюрализм философиясын, табиғат пен қоғамдағы көптік, сәнтүрлілік идеясын жария еткен, қазіргі заманғы мәдениеттің мазмұны, ойлаудың және ізденістің жаңа стилі көрініс тапқан философия. Негізгі өкілдері: орыс философтары Е.П.Блаватская (1831-1891), Д.Л.Андреев (1906-1959), Г.Г. Шпет (18 1940), француз философтары Поль Рикер (1913) және Жак Деррида (19 2004), американдық жазушы-философ Карлос Кастанеда (1925)

Структурализм

- **Структурализм** (лат. *structura* — құрылым, байланыс, рет)– мәдениеттің көптеген құбылыстарының негізінде шын мәнінде бар логикалық құрылымды іздестірумен байланысты 20 ғасырда пайда болған социогуманитаристикадағы бірнеше бағыттың жалпы аты. Ғылым бағыт ретінде дамуына бірнеше гуманитарлық ғылымның баяндаушылық эмпирик. методтан зерттеудің абстрактілі теоретик. деңгейіне көшуі негізгі себеп болды. Структурализм құрылымдық методтың, моделдеудің, формализациялаудың, математизацияның элементтерін қолдануға негізделген. Құрылымдық метод алғаш рет лингвистикада пайдаланылған, содан соң әдебиеттануда, этнографияда, т.б. гуманитарлық ғылымдарда қолданылды. Ал тар ауқымда структурализм – 20 ғасырдың 60-жылдарында Францияда тараған, құрылымдық методты пайдалануға байланысты пайда болған ғылыми және философиялық идеялардың жиынтығы. Оның негізгі өкілдері – Клод Леви-Стросс, Мишель Фуко, Жак Лакан, Роллан Барт, Л. Альтюссер.

Шопенгауэр Артур (22.2. 1788, Гданьск – 21.9.1860, Майндагы Франкфурт)

– неміс философы, идеалистік бағыттың өкілі. Негізгі шығармасы “Ерік және түсінік ретіндегі әлем”. Шопенгауэр диалектика мен тарихилыққа, әсіресе, Гегельдің панлогизміне қарсы шығып, И.Кантқа бет бұрып, кантшылдықты платонизммен және волюнтаризммен ұштастырды. Шопенгауэр философиясының негізгі арқауы, жан-жақты бастама принципі – ерік. Ол үшін ерік – абсолютті бастама, бүкіл дүниедегі бар заттар мен құбылыстардың түп-тамыры, қайнар көзі мен түп негізі.



Шопенгауэр философиясы

- Өмір философиясының келесі бір танымал өкілі — **Артур Шопенгауэр** адам мен қоғам өмірінің қараңғы, көзге көріне бермейтін жақтарын, ащы шындығын жайып салды. Оның пікірінше, адам өмірі қайғы мен азапқа, күншілдік пен бақталастыққа, күнә мен әділетсіздікке, қатыгездік пен бақытсыздыққа толы. Адамның толық бақытты сәттері аз, жоқ десе де болады, себебі бақыт оның болашағы мен өткен өмірінде, ал болашақ үмітсіз, өткен өмір қайтып келмейді. Қазіргі шақ жел айдаған бұлтпен тең. Адам уақыттың уысында, ол біздің қуаныш пен рахатқа толы күндерімізді жоқ қылып отырады. Бейшаралық өмір кешу адамның маңдайына жазылған, себебі оны билейтін дүниежүзілік ырық. Шопенгауэрдің ойынша, азап пен қайғы шегу адамға пайдалы, себебі адам төрт Құбыласы тең болып, рахат пен бақытқа бөленіп өмір кешсе, жақсы нәрсенің қадірін білмейді, бағалай да алмайды. Ол өмірді тек қара түске бояп көрсетеді: ізгіліктен зұлымдық көп, қоғам бір-бірімен арпалысқан, бірін-бірі андыған адамдарға толы, адам бақытсыз болуға жаратылған және бақытсыз. Осының бәрі — адам эгоизмінен, оның «адам адамға қасқыр» принципін ұстанғанынан. Сондықтан бұл өмір түсінген көрмен бірдей мәнсіз, оны өліммен алмастырған жөн. Шопенгауэрдің түсінігінше, өлімнен қорқатын ештеңе жоқ, себебі ол азапты өмірдің ақыры. Өмір қайғысына ұшыраған адам өзін осындай өмірден құтқарушы өліммен жұбатуы керек, ал өлім алдында өмірдің азаптарынан құтылғанына ғаны дұрыс. Өлім мен азапты өмір тұтас нәрсе екені ақиқат. Дүние ырық мағынасыз болса, оның туындысы адам өмірі одан екі есе мағынасыз, ал өлім адамды осы мағынасыздықтан құтқарады. Яғни, өлім өмірінің мақсаты. Шопенгауэр өмірді осылайша қасірет пен азапқа толы мәнсіз ретінде түсіндірген

- Шопенгауэрдің түсінігінше, өлімнен қорқатын ештеңе жоқ, себебі ол азапты өмірдің ақыры. Өмір қайғысына ұшыраған адам өзін осындай өмірден құтқарушы өліммен жұбатуы керек, ал өлім алдында өмірдің азаптарынан құтылғанына ғаны дұрыс. Өлім мен азапты өмір тұтас нәрсе екені ақиқат. Дүние ырық мағынасыз болса, оның туындысы адам өмірі одан екі есе мағынасыз, ал өлім адамды осы мағынасыздықтан құтқарады. Яғни, өлім өмірінің мақсаты. Шопенгауэр өмірді осылайша қасірет пен азапқа толы мәнсіз ретінде түсіндірген



С.

Кьеркегор

- Өмір философиясының негізін салушы — дат философы **С. Кьеркегор** (1813 -1855). Дүниенің бастауы ретінде сананы емес, уайым-қайғыға толы экзистенциалдық ішкі сезімдерді қарастыруды ұсынды. Оның ойынша, адамның шын болмысын пайымдау арқылы емес, адамның бойындағы «үрей», «қорқыныш» сезімдеріне үңілу арқылы ашуға болады, ақиқат дегеніміз — субъективтілік. Философия таңданудан немесе танымға деген құштарлықтан емес, күйзелістен басталады деген Кьеркегор өмір сүрген адам азап шегу мен уайым-қайғыдан қашып құтыла алмайды, тіпті олар өмір сүруге қажетті нәрселер деп тұжырымдады. Кьеркегордың жетістігі — философиялық тұлғаға мән беруге ұмтылуында, ақыл-ойды тым әсірелеуді сынап, философияның міндеті — жеке адамның өмірін, сезімдерін зерттеу деп анықтауында.

- Кьеркегордың тағы бір қарсылығы адамды объект ретінде қарап зерттеу. Оның ойынша адам – рухтың басшылығымен өмір сүріп жатқан жан мен тәннің бірлігі, ол – рух. Ал рух – ойлаумен тең емес, яғни ой логика заңдарына тәуелді емес.

- Философияның негізгі мәселесі адамның өмірі, өзіндік санасы, ішкі рухани өмірі. Кьеркегор бойынша „Шындық – ол ішкі дүние. Менің өз Меніме деген қатынасым“. Адамның ішкі өмірі объект бола алмағандықтан танылмайды. Оны тек тебіреністер арқылы ұғынуға болады. Сондықтан Кьеркегор адамның ішкі өмірін бейнелейтін жаңа катигорияларды ендірді. Олар. **өмір сүру, үрей, сәт, шешім, шектілік және шексіздік, зардап шегу, қайталау, түңілу, өкіну, кінә және күнә, қайта туылу.** Осы ұғымдар арқылы адам ішкі тебіреністерін беруге болады.



XX ғ. Батыс философиясының негізгі философиялық ағымдары мен бағыттары

:	
Алғашқы позитивизм	О.Конт, Г.Спенсер, Дж. Милл
Екінші позитивизм (эмпириокритицизм)	Э.Мах, Авенариумс
Неопозитивизм	Шлик, Карнап, Нейрат, Рассел, Витгенштейн
Постпозитивизм	К.Р. Поппер, Т.С. Кун; И. Я.Л акатос, П. Фейрабент
Неотомизм	Жильсон, Маритен, Мерсье
Экзистенциализм	Камю, Сартр, Ясперс, Хайдеггеръ
Психоанализ	Фрейд, Адлер, Юнг, Фромм
Прагматизм	Пирс, Джемс, Дьюи, Хук
Персонализм	Боун, Ройс, Мунье, Лакруа
Феноменология	Гуссерль және оның жақтастары
Неокантшылар	Коген, Наторп, Виндельбанд, Риккерт
Неогегельшілер	Стерлинг, Кэрд, Брэдли. Ройс
Ғылым философиясы	Поппер, Кун, Лакатос
Тарих философиясы	Шпенглер, Сорокин, Ясперс, Тойнби
Структурализм	Леви-Стросс, Фуко, Деррида, Лакан, Альтюссер
Сциентизм	Ростоу, Белл, Тофлер, Масуда, Нэсбит

Назардарыңызға рахмет!!!